

ӘОЖ 633.361.(574,52)

*С.Ә.ОРАЗБАЕВ, С.С. САДУАҚАСОВ, А.А. РСЫМБЕТОВ
Қазақ ұлттық аграрлық университеті*

ЭСПАРЦЕТТИҢ КӨКБАЛАУСА ӨНІМДІЛІГІ МЕН САПАСЫНА ТҮҚЫМДЫ СЕБУГЕ ДАЙЫНДАУ ТӘСІЛДЕРІНІҢ ӘСЕРІ

Аннотация

Соңғы жылдары Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның тау бөктерлік далалық және шөлейт аймақтарында орналасқан шаруашылықтар еспарцеттің пішен өнімділігі мен сапасын жоғарылатуға мүмкіндік беретін өсіру тәсілдеріне және қоршаған ортаның қолайсыз жағдайларына төзімділігін арттыруға бағытталған агротехникалық шараларына айтарлықтай сұраныс танытуда. Олар күріш және техникалық дақылдар ауыспалы егісінде алғы дақыл ретінде пайдалану және эрозияға ұшырап, ауыл шаруашылығы өндірісінен шығып қалған жыртындыларды қайта өндеп, жемшөп алқаптарына айналдыру үшін қажет болып отыр. Осындағы өндіріс талаптарына сойкес еспарцеттің түқымын себуге дайындау тәсілдері зерттеліп, өндіріске тиімді нұсқалар бойынша алдын ала қорытындылар шығарылды.

Тірек сөздер: еспарцет, тәсіл, көкбалауса, өнімділік, сапа.

Кіріспе Көпжылдық шөптердің арасында құнды қасиеттерімен ерекшеленетін еспарцеттің тиімді өсіру тәсілдерін зерттең, өндіріске ұсыну көкейкесті мөселе. Оның түрлерінің, өсіресе Алматы облысында кен таралған құмдық экотиптерінің мал азықтық құндылығы туралы мәліметтер жетерлік. Әрине оның құндылығы өсіру аймағына, даму кезеңдеріне және басқа жағдайларға байланысты өзгеріп отырады. Сондықтан берік мал азығы қорын жасау мөсеселін шешуде пішен өнімділігін арттыру ерекше орын алады. Бұған қоса, мал азығы сапасының негізгі көрсеткіштеріне дайындалған көкбалаусаның немесе пішеннің коректілігі жатады. Осындағы аспекттерге арналған тақырып өзекті болып табылады.

Еспарцеттің шаруашылық-құнды белгілерінің өзгергіштігін талдау нәтижесінде пішен өнімінің мөлшері түқым себу тәсілдерімен, вегетациялық кезеңдерінің ұзақтығымен және күтім жасау жағдайларымен тығыз байланыста болатыны анықталды. Осы белгілердің мәндерін салыстырғанда ерте пісітін сорттардың тәлімі егістері екі орымы да ылғал тапшылығы онша сезілмейтін уақытта қалыптасып, көкбалауса және пішен өнімділігі жоғары болатыны байқалған [1, 2].

Қ. Құсайыновтың [1] мәліметтері бойынша мал өніміне әсерін тигізетін жағдайлардың арасында малды азықтандыру үлесіне 59% келеді еken. Сонда талдау деректері бойынша еспарцеттің пішеннің химиялық құрамында 15-19% протеин және 1,5-2,0% май болатыны көрсетілген. Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағында құм еспарцеттің мал азығы құрамында 16,9-23,2% протеин, 1,8-2,5% май, 20,0-34,8% талшық, 38,7-43,1% азоттың шырсөлді заттар үлесі болатыны көрсетілген [2].

Еспарцет субетеге, отшөп, жоңышқа және көкшөппен қоспа жасап өсіргенде, мал азықтық өнім мөлшері мен коректілігі айтарлықтай жоғарылайтыны дәлелденген. Нитрагинмен инокуляция жасау себілген түқымды пайдаланумен өсірілген бір килограмм еспарцет пішеннінде 106 г, ал азық өлшемінде 196 г қорытылатын протеин шығымы анықталған және бұл көрсеткіштер жагынан ол жоңышқаға жақын келеді еken. Сонымен қатар, онда мал сүйегін дамытуға қажет кальций мөлшері жоғары болатыны айтылған [3, 4].

Еспарцеттің өнімділігіне және вегетативтік массасының сапасына орын мерзімдерінің әсері айтарлықтай өзгерістер енгізетіні дәлелденген. Өндірісте жиі орын алатын осы дақыл егістерінің сиреп кетуіне жол бермеу үшін технологиялық тәсілдерді жасау жұмысын түқым себуден бастап, түқымды өндеу, инокуляциялау, скарификациялау, тыңайтқыш қолдану және басқа іс-шаралар кешенді зерттелуі қажет.

Материал мен әдістер Жоғарыда аталған зерттеу мақсатына сойкес жүзеге асырылып отырған жұмыста еспарцеттің Алматы облысында өндіріске берілген Алматинский 2 сорты пайдаланылуда. Зерттеу Қазақтың мал шаруашылығы және мал азығы өндірісі ГЗИ ұсынған арнайы әдістемелер бойынша жүргізілуде [4].

Зерттеу нысандары 2011 жылы көктемде, жаппай қатарлық тәсілмен, әр мөлдектің ауданы 100 м², 4 қайталаумен себілген. Тәжірибелі егіс агротехникасы осы аймақта эспарцет өсірудің жалпы технологиялық тәсілдеріне сәйкес жүзеге асырылды. Эксперименттік деректер дисперсия тәсілімен өндөлді [5].

Зерттеу нәтижелері Эспарцеттің жоғары пішен не көкбалауса өнімділігіне қол жеткізу үшін топырактың оптимальды ылғалдылығы және қоректік элементтермен қамтамасыз етілуі жеткіліксіз – барлық өсіп-даму факторларының тиімділігін арттыратын іс-шараларды, мәселен, тұқымды инокуляциялау мен скарификациялауды қолданып, өскіннің тез және қарқынды дамуына жағдай жасау қажет. Өуел баста күш алып, белсене дамыған өсімдік ойдағыдан өнім беруге қабілетті болуы тиіс. Сондықтан біздің тәжірибе нұсқаларында жоғары деңгейдегі көкбалауса өнімі қалыптасты (кесте 1).

Кесте 1 – Тұқымды өндеу және фосфор тыңайтқышын қолдану тәсілдерінің Эспарцеттің көкбалаусасының өнімділігіне жері, ц/га.

Нұсқа	Орым				Барлығы
	1	2	3	4	
Тұқым өндеусіз, тыңайтқышсыз (бақылау)	217	206	170	112	705
Инокуляция + скарификация + Р ₁₂₀	310	272	222	179	983
Инокуляция + скарификация + Р ₁₈₀	315	278	225	183	1001

Эспарцеттің көкбалаусасын ору тіршілігінің екінші жылы бүршікtenу фазасында жүргізілді. Инокуляция мен скарификацияға қоса фосфор тыңайтқышын 120 және 180 кг/га есепті зат мөшерінде қолдану тұқымды ешқандай өндеусіз және тыңайтқышсыз себебі нұсқасымен салыстырылды. Сонда тәжірибедегі ең жоғары көкбалауса өнімі инокуляция + скарификация + Р₁₈₀ нұсқасынан алынды.

Есептелген көкбалаусасын химиялық құрамын анықтау протеин, май (липид), талшық (клетчатка), азотсыз шырыш заттар (АПЗ), күл және басқа элементтер бойынша жасалды (кесте 2).

Кесте 2 – Эспарцеттің абсолюттік-күргақ затка айналдырылған мал азықтық өнімінің химиялық құрамы, %.

Нұсқа	Даму кезеңі	күл	май	протеин	талшық	АПЗ
Тұқым өндеусіз, тыңайтқышсыз (бақылау)	гүл бүршігінің дамуы-гүлдеудің басталуы	5,68	2,37	19,6	45,98	18,18
Инокуляция + скарификация + Р ₁₂₀	гүл бүршігінің дамуы-гүлдеудің басталуы	6,01	4,38	21,4	46,93	23,27
Инокуляция + скарификация + Р ₁₈₀	гүл бүршігінің дамуы-гүлдеудің басталуы	8,33	7,48	22,7	49,90	17,79

Эспарцеттің абсолюттік-күргақ өнімі құрамынан негізгі қоректік заттар шығымы бойынша инокуляция + скарификация + Р₁₂₀ және инокуляция + скарификация + Р₁₈₀ нұсқалары жоғары нәтижелер көрсетті. Дақылдың онтогенез биологиясына сәйкес ең қоректі өнім гүл бүршігінің дамуы-гүлдеудің басталуы кезеңінде қалыптасты.

Эспарцет жоғары белокты дақылдар қатарына жататын болғандықтан қоректілігінің басты көрсеткіші протеин және басқа қоректік заттар шығымы болып есептеледі. Сондықтан оның негізгі фазаларында осы қоректік заттар шығымының өзгеруі айтартлықтай қызығушылық туғызады. Химиялық талдаулар өсімдіктің гүл бүршігінің дамуы, гүлдеудің басталуы және тольк гүлдеуді кезеңдерінде жүргізілді (кесте 3).

Кесте 3 – Бақылау нұсқасындағы эспарцет көкбалаусасынан қоректік заттар шығымының өсіп-даму кезеңдеріне байланысты өзгеруі, %(абсолюттік-күргақ заттан).

Нұсқа	Дақылдың өсіп-даму кезеңдері		
	гүл бүршігінің дамуы	гүлдеудің басталуы	тольк гүлдеуі
Шикі май	4,9	5,2	5,4

Шикі талшық	30,7	37,8	43,6
Шикі протеин	19,4	18,5	17,2
АШЗ	50,9	72,7	77,8
Каротин(мг)	19,9	17,7	15,2

Шикі талшық, АШЗ және шикі май шығымы эспарцеттің вегетациялық кезеңінің сонына қарай арта түссе, шикі протеин мен каротин шығымы төмендейтіні байқалды. Дақылдың гүл бүршігінің дамуы кезеңінде ең жоғары мөлшерде протеин мен каротин өндіру мүмкіндігі мол болатыны анықталды. Сондыктан дақыл егістерін гүл бүршігінің дамуы-гүлдеудің басталуы кезеңінде көкбалауса немесе пішен өндіруге пайдалану тиімділігі жоғары деңгейде.

Нәтижені талдау Зерттеу нысандары шаруашылық-құнды белгілер мен қасиеттер бойынша жоғары көрсеткіштермен сипатталды. Фенологиялық бақылау мәліметтері негізінде осы белгілерге талдау жасалды.

Эспарцеттің бірінші орымы барлық жылдары салыстырмалы ылғалды және салқын ауа райы жағдайында қалыптасты. Сондыктан өсімдіктердің көктемдегі қайта көктеуі 12 тәулікке дейін созылды. Осыған байланысты басқа өсіп-даму кезеңдері кешеуілдеп, өсімдіктің өнім түзуінс айтарлықтай эсер етті. Бір мезгілде жаппай гүлдеу фазасына ететін нұскалардың көкбалауса өнімділігі орымдар және бір жылдық жиынтығы бойынша жоғары деңгейде болды. Ең жоғары көкбалауса өнімі инокуляция + скарификация + Р₁₈₀ нұскасынан алынды.

Гүлдеу кезінде орылған эспарцет пішенінде протеин 17,4%, талшық 26,0%, 26,0% күл 26,0% күраған. Қазақстанның онгустік-шығыс таулы аудандарында құм экотиптерінің шанақтану кезінде 16,18-17,28% протеин, 2,18-2,23% май, 20,80-26,35% талшық, 48,51-52,12% азотсыз шырсөлді заттар және 6,73-7,62% күл, ал қуаныш даалық аймақта тиісінше 17,85, 3,70, 20,89, 48,23 және 9,33%. Оның 100 кг пішенінде 78,6-85,9 мал азықтық өлшем, 11,6-18,4 кг сінімді протеин болған [2]. Басқа мәліметтерге сүйенсек, шанақтану кезінде 100 кг күрғақ шебінде 94,9 мал азық өлшемі, 16,4 кг сінімді протеин, гүлдеу кезінде тиісінше 83,0 және 17,2, пішенінде 53,9 азық өлшемі және 7,2 кг сінімді протеин болады екен [3, 4].

Бұл мәліметтерден дақыл түрлерінің шанақтану-гүлдеу кезеңінде протеин мөлшерінің жоғары екені байқалады. Жазық шөлде де, тау бөктерінде де оның мөлшері 19,6-22,7% аралығында ауытқылан. Өсімдіктердің әрі қарай өсіп-дамуы барысында протеин мөлшері төмендей, талшық шығымы көтерілген немесе жоғары деңгейде қалған.

Қорытынды Тәжірибелегі ең жоғары көкбалауса өнімі инокуляция + скарификация + Р₁₈₀ нұскасынан алынды. Эспарцеттің абсолюттік-күргақ өнімі құрамынан негізгі коректік заттар шығымы бойынша инокуляция + скарификация + Р₁₂₀ және инокуляция + скарификация + Р₁₈₀ нұскалары жоғары нәтижелер көрсетті. АШЗ, талшық және май шығымы эспарцеттің вегетациялық кезеңінің сонына қарай арта түссе, протеин мен каротин шығымы төмендейтіні анықталды. Дақылдың гүл бүршігінің дамуы кезеңінде ең жоғары мөлшерде протеин мен каротин өндіру мүмкіндігі мол болады. Сондыктан эспарцеттің егістерін гүл бүршігінің дамуы-гүлдеудің басталуы кезеңінде көкбалауса немесе пішен өндіруге пайдалану тиімдірек.

ӘДЕБІЕТ

- 1 Құсайынов Қ. Малды азықтандырудагы ғылыми талаптар// Жаршы, 1992, 3-4.-Б. 47-51.
- 2 Нұрбаев О. Эспарцет – құнды мал азығы. - Алматы, 1976. - 72 б.
- 3 Нұргалиев Қ.С. Арасас шөптерді себу мерзімі мен мөлшері// Жаршы, 2005, 12. - Б.22-23.
- 4 Тореканов А.А. Кормовая база Казахстана и пути ее решения// Аграрная наука – сельскохозяйственному производству Сибири, Монголии, Казахстана и Киргизстана. - Новосибирск, 2005, 2. - С. 624-627.
- 5 Доспехов Б.А. Методика опытного дела. - М., 1983. - 336 с.

С.А Оразбаев., С.С. Садуакасов, А.А. Рымбетов

Влияние способов предпосевной обработки семян эспарцета на урожайность и качество зеленой массы

Резюме

В статье изложены результаты изучения приемов инокуляции, скарификации семян и внесения Р₁₂₀, Р₁₈₀ при посеве эспарцета на кормовые цели в условиях предгорно-степной зоны юго-востока Казахстана. Проанализированы параметры

урожайности зеленой массы, содержания протеина, жира, клетчатки и других питательных веществ. Наиболее высокие показатели получены в варианте инокуляции, скарификации семян и внесения Р₁₈₀.

Orazbayev S., Sadyakasov S., Rsymbetov A

Effect of pre-sowing treatment methods sainfoin on yield and quality of green mass

Summary

In article is expounded the results of analysis methods of inoculation, scarification of seeds and bringing in Р₁₂₀, Р₁₈₀ when sainfoin's sowing croped as nutriment in footfill prairie conditions of the South-east Kazakhstan. Also it is analysed parameters of green masses yield, contents of protein, fat, cellulose and other nutrituous substances. More high index is taken in the version of inoculation, scarification of seeds and bringing in Р₁₈₀.

Сведения об авторах:

Рсымбетов А.А. – магистрант специальности 6М080100 - Агрономия, КазНАУ

Оразбаев С.А. – научный руководитель, Зав. кафедрой АППР, д.с.-х.н., профессор, КазНАУ

Садуақасов С.С. – профессор АППР, д.с.-х.н., КазНАУ